


«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық университеті» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімінен
БЕКІТІЛДІ

«23» 04 2025ж. № 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы

Т.Ал-Ахмедьяров



Қабылдау шығармашылық емтихандарына қойылатын талаптар
4S02150501 «Драма театр әртісі»

Мамандық атауы және коды	Біліктілігі	Базасы	Топ
02150500 Актерлік өнер	4S02150501 Драма театр әртісі	9 сынып базасында	Қазақ

Талапкерге қойылатын талаптар:

К.Байсейітова атындағы ҚазҰӨУ колледжінің «Драма театр әртісі» мамандығына жалпы орта білімі бар талапкерлер оқуға тапсыра алады.

Мәдени дәрежесін, интеллектуалдық деңгейі мен дүниетанымын ойлау қабілетін, талғамын, жігер-қажырын, музыкалық қабілетін, дене сымбаттылығын көрсете білуі қажет. Дикциясы анық, сөйлеу аппаратында табиғи мүкістері болмауы шарт. Ән мен биге бейімділігі тексеріледі.

Талапкерге қимыл-координациясын, музыкалық ырғақты, оқыс құбылыстарға сай әрекет жасау (реакция), зейін мен зердесін тексеруге арналған тапсырмалар беріледі. Ұсынылған шартты жағдайға байланысты этюд құрастырып, сезім мен сенімін көрсетуі тиіс. Аяқ астынан ойлап табу қабілеті мен ой жүйріктігі тексеріледі.

Талапкердің сахнаға лайық кескін-келбетінің болуы, денесі қимыл-әрекеттерге икемді болуы, тыңдау қабілеті, ырғақты, музыканы сезіну, ән салу қабілеті талап етіледі.

Талапкердің бойының биіктігі:

Қыздар - 155 см жоғары.

Ұлдар - 160 см жоғары.

БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

- Әңгіме немесе ертегі, аңыздан үзінді (классикалық және заманауи шығарма, үзіндінің басталуы және аяқталуы болу керек), уақыты 3-5 минут.
- Өлең - поэзия (классикалық және заманауи авторлардан 1 немесе 2 шығарма), уақыты 3-4 минут.
- Мысал (қосымша сықақ), уақыты 3-4 минут.

- Этюд (шағын оқиғаға құрылған басталуы-аяқталуы бар шағын бар көрініс), уақыты 3-4 минут.
- Пластикалық қимыл-әрекет (би - ұлттық немесе заманауи, акробатикалық элементтер)
- Ән салу (халық әні, ретро әндер, классикалық әндер т.б. өз қалауы бойынша)
- Аспапта ойнау (мүмкіндігіне қарай)
- Барлық шығармаларды жатқа орындау.

ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

- **Коллоквиум** (шығармашылық емтиханның екінші кезеңі сұрақ-жауап, сұхбаттасу түрінде өтеді) Уақыты 6-8 минут.
- Талапкердің білімін, ой өрісін, дүние-танымын, талғамын тексеру мақсатында жан-жақты сұрақтар беріліп, сұхбат өткізіледі. Әлем әдебиеті мен өнер жайында (кино, театр, теледидар, бейнелеу өнері т.б.) білім деңгейі тексеріледі.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

- Әр кезең жеке бағаланады.

ПЦК «Актерлік өнер» төрағасы:
«Драма театр актері және режиссура»
кафедрасының меңгерушісі:



Д.Б.Бейсенбаев

Е.Р.Биримкулов